

Бекітемін

КР МСМ «Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің ректоры

А.Сатыбалды

23.01.2023 ж.



**Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
«Өнертану» факультеті
«ТОПЖАРҒАН» атты талапкерлерге арналған
республикалық байқаудың
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ережелер

- 1.1. Талапкерлерге арналған аталмыш байқаудың бас құрылтайшысы Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Өнертану» факультеті, «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы», «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» және «Кино тарихы мен теориясы» кафедралары.
- 1.2. Байқау төрт бағытта «Өнертану», «Театртану», «Кинотану» және «Кинотеледраматургия» бойынша өткізіледі.
- 1.3. Өтетін уақыты: 13-16 ақпан, 2023 жыл. Қатысушылардың өтінімі 2023 жылдың 23 қаңтар - 12 ақпан аралығында қабылданады.
Өтетін орны: ZOOM қосымшасы, конференция номері қосымша беріледі.
- 1.4. Байқаудың мақсаты:
 - «Өнертану» факультетіне жазушылық, сыншылық қабілеті бар дарынды жастарды тарту; кино, театр және бейнелеу өнерінің туындылары туралы насиҳаттауды, оларды зерттеп-зerdelep, шығармашылық-ғылыми көзқарас білдіруге құштарлық танытып жүрген және пьеса, сценарий, тележобалар жазуды армандастын талапкерлерге өз бағын сынап көруге мүмкіндік беру;
 - I орын алған байқау лауреаттарына Т.Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Өнертану», «Кинотану», «Театртану», «Кинотеледраматургия» Білім беру бағдарламаларының 2023-2024 оқу жылындағы қабылдау емтихандарына жеңілдік беріледі, яғни шығармашылық емтихан тапсырмай, тек кешенді тестілеуден өтеді.
 - жастарды қолдау және оларға шығармашылықтарын дамытуға ықпал ету;
 - дарынды жастарды анықтап, марапаттау;
- 1.5. Байқауды өткізу үшін арнайы ұйымдастыру алқасы құрылады. Байқауды ұйымдастырушылар құрамын Темірбек Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы ректоры бекітеді.
- 1.6. Ұйымдастыру алқасы байқаудың қазылар алқасы мүшелерін, Төрағасы мен хатшысын бекітеді.

2. Байқауға қатысу шарттары:

- 2.1. Байқауға Қазақстан Республикасы бойынша коллеж және мектеп бітірушілері (түлектері) қатыса алады.
- 2.2. Байқауға қатысу үшін үміткер 1-қосымшада көрсетілген өтінім парағын толтыру керек.
- 2.3. Байқауға қатысу үшін берілген қосымшаны толтырып, қол қойып өткізген талапкер байқау талаптары және Ережесімен толықтай келіскендігін білдіреді.
- 2.4. Байқау жазбаша және ауызша түрде өтеді. Ұйымдастырушылар алқасы байқау тақырыптарын алдын-ала бекітіп, байқау өтетін кезде ғана қатысушыларға жариялайды. Жұмыстар өз бетінше жазылып, бұрын жарияланбаған болуы шарт. Ал ауызша жауаптың сұрақтары академия сайтына алдын-ала жарияланады.
- 2.5. Жұмыс көлемі – 3-5 бет.
- 2.6. Байқауға қатысушы өтініммен қатар анкеталық анықтаманы толтыруы керек. (1-қосымша)
- 2.7. Байқауға қатысушылардың шығындары өз есебінен төленеді.
- 2.8. Ұйымдастыру алқасы Байқауға қатысушыларды ешқандай сақтандыру түрлерімен қамтамасыз етпейді.
- 2.9. Байқауға қатысушыларға ешқандай қаламақы (гонаар) қарастырылмаған.
- 2.10. Байқаудың өту барысын видеоға немесе фотоға түсіру үшін ұйымдастыру алқасының арнайы рұқсаты болуы қажет.

3. Байқауды өткізу барысы:

- 3.1. Байқау екі турдан тұрады.
- 3.2. Қатысушыға онлайн түрде жазбаша жұмыс жазу үшін 3 сағат уақыт беріледі. Ал ауызша жауапқа даярлануға 5-7 минут уақыт беріледі.
- 3.3. Жұмыстарды және ауызша жауаптарды қазылар алқасы 10 балл жүйесімен бағалайды.

3.4. Жазбаша жұмыстарды бағалау тәртібі:

- Таңдалған тақырыптың ашылу деңгейі;
- Айтар ойды қағаз бетіне түсіре алу деңгейі;
- Өзіндік көзқарасының болуы;
- Авторлық ұстанымының болуы;
- Мазмұндаудағы қисындылық пен сабактастықтың сақталу деңгейі;
- Өзіндік қолтаңбасы, стилінің болуы;
- Сауаттылық деңгейі;
- Айтылар идеяның тың болуы;
- Жұмыстың әдеби-ғылыми көркемдік деңгейі;
- Тақырыпқа ғылыми түрғыда келуі;

Ауызша байқау (билет бойынша). Талапкердің бейнелеу өнері, кино өнері, театр, әдебиет салаларынан жалпы білім деңгейі айқындалады.

3.5. Байқауға қатыстырылмайтын жазбаша жұмыстар:

- байқау талаптарына сай келмейтін жазба жұмыстары;
 - плағиат анықталған жұмыстар;
 - грамматикалық қателері бар жұмыстар;
 - саяси, діни және т.б. теріс бағытты насиҳаттау мағынасындағы жұмыстар;
- 3.6. Қазылар алқасының берген балл санын қосу арқылы шешім шығарылады. Байқау нәтижесі арнайы хаттамамен бекітіледі.
- 3.7. Байқау нәтижесі 3 жұмыс күнінде белгілі болып, қатысуышыларға хабарланады және академия сайтына жарияланады.

4. Қазылар алқасының жұмысы және жеңімпаздарды марапаттау:

- 4.1. Байқау нәтижелерін Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнертану» факультетінің профессорлық-окытушылық құрамынан құрылған қазылар алқасы бағалайды.
- 4.2. Қазылар алқасы келесі атальымдар бойынша марапаттайтын:
- I, II және III деңгейлі лауреаттық дипломы;
 - қатысуышыларға дипломант атағы;
 - барлық қатысуышыларға Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кинотеледраматургия», «Кинотану», «Өнертану», «Театртану» Білім беру бағдарламаларының 2023-2024 оку жылындағы шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсыруға кіруге рұқсат қағазы (допуск) беріледі.

1 қосымша**Қатысушы туралы мәлімет:**

1	Қатысушының толық аты-жөні:	
2	Тұған күні, айы, жылы:	
3	Оқу орны/ тұлегі/ мектебі/сыныбы:	
4	Мамандығы/курс/сыныбы:	
5	Тілдерді білуі:	

Байланыс:

5	Тұрғылықты мекен-жайы:	
6	Телефон номері:	
7	Электронды адрес:	
8	Жауапты тұлға:	

Отініш үлгісі:
ҚР МСМ МК «Темірбек Жұргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-нің
ректоры А.Сатыбалдыға

Отініш

Мені, ТАЖ ----- «Топжарған» атты талапкерлерге арналған
республикалық байқауға қатысуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

Қатысушы аты-жөні.

Қолы.

Күні.